

Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 18-04/287 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 сәуірде № 10890 тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес аңшылық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысаны бекітілсін.

2. "Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгі нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 16 тамыздағы № 246-ө бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8648 болып тіркелген, 2013 жылғы 4 қыркүйектегі № 203 (28142) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

_____ (аңшылық шаруашылығы субъектісінің
атауы) 20 ____ - 20 ____ жылдарға арналған аңшылық шаруашылығы субъектілерін дамыту
жоспары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар
министрінің 18.04.2023 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік
он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Іс-шаралар атауы	Жылдар			Жиыны	Аяқтау нысаны
		20_	20_	20_		
1. Аңшылық алқаптарды қорғау						
1.	Жануарлар дүниесі объектілерін қорғау жөніндегі рейдтік іс-шараларды жүргізу *(рейдтер саны / километр)					Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелерінде мәлімет
2.	Аншлагтар: * орнату (дана); жаңарту (дана);					Орындалған жұмыстар актісі
3.	Бұқаралық ақпарат құралдарында жануарлар дүниесіне ұқыпты қарау идеяларын насихаттау*: мақалалар (дана); буклеттер (дана); сұхбат (дана).					Мақалалар, эфирлік анықтама
	Қорықшылық қызметті қамтамасыз ету*:					

4.	арнайы киіммен (комплект); жанар-жағармай (литр); қызметтік қарумен (бірлік); байланыс құралдарымен (дана).					Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелеріне растайтын құжаттармен бірге мәлімет
5.	Ұшқышсыз ұшатын аппараттарын сатып алу (бірлік)***					
6.	Фото тұзақтарды орнату (бірлік)***					
7.	Бейнебақылауды орнату (бірлік)***					
2. Жабайы жануарларды есепке алу						
8.	Жануарлар дүниесі объектілерінің санын есепке алуды жүргізу (километр/гектар)*					Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар түрлерін есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелеріне мәлімет
3. Өсімін молайту іс-шаралары						
9.	Тұз жалау орындарын*: Салу (дана) Жаңарту (дана).					
	Тұз*:					

10.	сатып алу (килограмм) Орналастыру (килограмм)					Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелеріне растайтын құжаттармен бірге мәлімет
11.	Қосымша коректендіру алаңқайларын жабдықтау (дана) *					
12.	Ж е м астауларын жасау және орнату (дана) *					
13.	Бұдан бұрын орнатылған ж е м астауларын жөндеу (дана) *					
14.	Пішен*: дайындау (тонна); орналасу (тонна)					
15.	Астық қалдықтары*: дайындау (килограмм); орналасу (килограмм).					
16.	Жемшөп алқаптарының егу (гектар)**					
17.	Жасанды су айдындарын құру (дана)**.					
18.	Ремиздерді отырғызу (гектар)**.					Жануарлар дүниесін реинтродукциялауға рұқсат
19.	Жануарлар дүниесі объектілерін реинтродукциялау, Жануарлар түрі (дарак)** *.					
	Жануарларды еріксіз және					

20.	жартылай ерікті жағдайларда өсіру, жануардың түрі (дарак)** *.					Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің
21.	Құрылыс * * (жалға алу): қоршаулар (гектар/жануар түрі), питомниктер (дана/жануар түрі).					аумақтық бөлімшелерінде растайтын құжаттармен бірге мәлімет
4. Аңшылық шаруашылығы іс-шаралары						
22.	Қорықшы кордондарын салу** (жалға алу) (дана), техниканы (бірліктерді) сатып алу (жалға алу).					Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық бөлімшелерінде растайтын құжаттармен бірге мәлімет

23.	Ветеринариялық қызметтер жүгінген жағдайда, тиісті аймақтың ветеринариялық қызметтерімен жабайы етқоректі жануарлардың құтыру ауруына қарсы алдын-ала иммунитеттеу жөніндегі бірлескен іс-шараларды жүргізу (көрек арқылы иммунитеттеу үшін брикет-қарма кжемдерін тарату дана/гектар)					Орындалған
-----	---	--	--	--	--	------------

						жұмыстар актісі
--	--	--	--	--	--	--------------------

Ескерту:

* - іс-шаралар орындау үшін міндетті болып табылады.

** - егер аңшы пайдаланушы бекітілген аңшылық алқаптың жер иесі болып табылса, іс-шараларды орындау.

*** - іс-шаралар ұсынымдық сипатқа ие, олардың қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты аңшы пайдаланушының қалауы бойынша орындалуы.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 31 наурыздағы
№ 18-04/287 бұйрығына
2-қосымша
Үлгілік нысан

Балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 20.09.2022 № 619 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(балық шаруашылығы субъектісінің атауы)

20__ - 20__ жылдарға арналған

№	Іс-шаралар атауы	Оның ішінде жылдар бойынша			Жиыны	Аяқталу нысаны
		20_	20_	20_		
Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін кәсіптік балық аулауды жүргізу үшін бекіту кезінде						
1. Балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін молайту іс-шаралары*						
1.1	Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсынымдарын а сәйкес балық шабақтарын жіберу** (мың дана)					Сатып алу-сату шарты, балық отырғызу материалы үшін ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы, түрлері бойынша балық жіберу туралы актілері
	Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін					

1.2	молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсынымдары бойынша балық шаруашылығы мелиорациясы жөніндегі жұмыстарды жүргізу, оның ішінде: 1) қатты өсімдіктерді шабу (гектар); 2) түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу (метр3); 3) бөлшектенген су айдындарына балықтарды құтқару (дана)				Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 363-Ө бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9203 болып тіркелген) нысан бойынша орындалған жұмыстар туралы растаушы құжаттарды (орындалған жұмыстар актілері, төлем туралы тапсырма) ұсына отырып, Балық шаруашылығы комитетінің облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекцияларына есеп беру
1.3	Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсынымдарын асәйкес балықтардың жаппай қырылуына қарсы іс-шаралар, оның ішінде қыс кезеңінде ойықтар бұрғылау, майналарды ою (дана)				

2. Аулау және өңдеу базаларын техникалық қайта жарактандыру жөніндегі іс-шаралар

2.1	Бөлінген квотадан қайта өңделген балық өнімінің көлемі (жергілікті маңызы бар су айдындарын және Есіл, Тобыл, Іле, Нұра, Ертіс, Сілеті өзендерін, Қаныш Сәтпаев атындағы каналды, Өскемен су қоймасын қоспағанда) (%)					Ветеринариялық сертификат, белгіленген көлемге сатып алу-сату шарты
-----	---	--	--	--	--	---

3. Балық аулауды реттеу бойынша іс-шаралар

3.1	Балықтарды және басқа да су жануарларын алып қоюға бөлінген квоталарды игеру (100 %)					Жануарлар дүниесін пайдалағаны үшін төлем тапсырмасы
-----	--	--	--	--	--	--

4. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын және олардың мекендейтін ортасын қорғау жөніндегі іс-шаралар

4.1	Тірі табиғат объектілеріне және олардың мекендейтін ортасына жанашырлықпен қарау идеясын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау (мақалалар, жарияланымдар саны)					Мақалалар, эфирлік анықтамалар

4.2	Кіріме жолдарда аншлағтарды, ақпараттық тақтайшаларды, ескерту белгілерін, және маңдайшаларды орнату және жаңарту (дана)					Орындалған жұмыстар актілері
5. Ғылыми жұмыстар						
5.1	Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының жай-күйіне жыл сайын зерттеу жүргізу (биологиялық негіздеме)					Ғылыми ұйымдармен шарт, орындалған жұмыстар актілері, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы
6. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған іс-шаралар						
6.1	Жергілікті жағалау маңындағы аудандарда тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына жұмыс орындарын құру (адамдар саны)					Еңбек шарты
Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін әуесқойлық (спорттық) балық аулау жүргізу үшін бекіту кезінде						
1. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының өсімін молайту жөніндегі іс-шаралар*						
1.1	Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсынымдарын					Сатып алу-сату шарты, балық отырғызу материалы үшін ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы, түрлері

	а сәйкес балық шабақтарын жіберу **				бойынша балық жіберу туралы актілері
1.2	Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсынымдары бойынша балық шаруашылығы мелиорациясы жөніндегі жұмыстарды жүргізу, оның ішінде: 1) қатты өсімдіктерді шабу (гектар); 2) бөлшектенген су айдындарына н балықтарды құтқару (дана)				Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 363-Ө бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9203 болып тіркелген) нысан бойынша орындалған жұмыс туралы растаушы құжаттарды (орындалған жұмыстар актілері, төлем туралы тапсырма) ұсына отырып , Балық шаруашылығы комитетінің облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекцияларына есеп беру
1.3	Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ұсынымдарын а сәйкес балықтардың жаппай қырылуына қарсы іс-шаралар, оның ішінде қыс кезеңінде ойықтар бұрғылау,				

	майналарды ою (дана)					
2. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын және олардың мекендейтін ортасын қорғау жөніндегі іс-шаралар						
2.1	Тірі табиғат объектілеріне және олардың мекендейтін ортасына жанашырлық пен қарау идеясын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау (мақалалар, жарияланымдар саны)					Мақалалар, эфирлік анықтамалар
2.2	Кіріме жолдарда аншлағтарды, ақпараттық тақтайшаларды, ескерту белгілерін және маңдайшаларды орнату және жаңарту (дана)					Орындалған жұмыстар актілері
3. Балық шаруашылығы іс-шаралары						
3.1	Әуесқойлық (спорттық) балық аулау құрал-саймандарын жалға беру және жолдама беруді қоса алғанда азаматтарды қабылдау және оларға қызметтер көрсетуге арналған базаның (лагердің) болуы (дана)					Шарт, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы
4. Ғылыми жұмыстар						

4.1	Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының жай-күйіне жыл сайын зерттеу жүргізу (биологиялық негіздеме)				Ғылыми ұйымдармен шарт, орындалған жұмыстар актілері, ақы төленгені туралы төлем тапсырмасы
Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын жүргізу үшін бекіту кезінде					
	Жыл сайын балық өсіру (тонна)***: – кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін				Балық отырғызу материалын сатып алуды және су айдынын балықтандыруды растайтын құжаттар: инкубациялық цех болған жағдайда – балық ресурстарын жасанды жолмен молайту жөніндегі өндіріс объектісіне растайтын құжаттардың көшірмесі (меншік иесі (құқық иеленуші) туралы мәліметтер және инкубациялық цехтың, балық өсіру тоғандарының және (немесе) бассейндердің болуын растау үшін

1	балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауысқан жағдайда – балық өсіру-биологиялық негіздемеде көзделгеннен төмен емес көлемде; – балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп берген жағдайда – аккредиттелген ғылыми ұйым ұсынған көлемнен төмен емес				жылжымайтын мүліктің бар-жоғы туралы анықтама); балық отырғызу материалын сатып алу кезінде – сатып алу-сату шарты, шот-фактуралар; балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 363-Ө бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9203 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес өсірілген балық туралы Балық шаруашылығы комитетінің облысаралық бассейндік балық шаруашылығы
---	---	--	--	--	---

						инспекциялар ы н а мәліметтер
Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізу үшін бекіту кезінде						
	Жыл сайын балық өсіру (тонна)***: – кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық шаруашылығын (акваөсіру) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына					Балық отырғызу материалын сатып алуды және тор қоршаманы балықтандыруды растайтын құжаттар: инкубациялық цех болған жағдайда – балық ресурстарын жасанды жолмен молайту жөніндегі өндіріс объектісіне растайтын құжаттардың көшірмесі (меншік иесі (құқық иеленуші) туралы мәліметтер және инкубациялық цехтың, балық өсіру тоғандарының және (немесе) бассейндердің болуын растау үшін жылжымайтын мүліктің бар-жоғы туралы анықтама); балық отырғызу материалын сатып алу

1	және (немесе) учаскелеріне ауыстырған жағдайда-балық өсіру-биологиялық негіздемеде көзделгеннен төмен емес көлемде; — балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп берген жағдайда — аккредиттелген ғылыми ұйым ұсынған көлемнен төмен емес				кезінде — сатып алу-сату шарты, шот-фактуралар; балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 363-Ө бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9203 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес өсірілген балық туралы Балық шаруашылығы комитетінің облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекцияларына мәліметтер
Ащы-тұзды балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерін кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекіту кезінде					
1. Аулау және өңдеу базаларын техникалық қайта жарактандыру жөніндегі іс-шаралар					
					Ветеринариялық

1.1	Бөлінген квотадан қайта өңделген өнім көлемі (%)					сертификат, белгіленген көлемге сатып алу-сату шарты
2. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын және олардың мекендейтін ортасын қорғау жөніндегі іс-шаралар						
2.1	Кіріме жолдарда аншлағтарды, ақпараттық тактайшаларды, ескерту белгілерін және маңдайшаларды орнату және жаңарту (дана)					Орындалған жұмыстар актілері
3. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған іс-шаралар						
3.1	Жергілікті жағалау маңындағы аудандарда тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына жұмыс орындарын құру (адамдар саны)					Еңбек шарты

Ескертпе:

* – балық шаруашылығы ғылыми ұйымдарының ұсынымдарына сәйкес балық ресурстарының өсімін молайту бойынша іс-шаралар ащы-тұзды су айдындарынан басқа барлық су айдындарында жүргізіледі.

** – балықтың кәсіпшілік мөлшерін сатумен мелиоративтік аулауды қоспағанда, бөлшектенген және бекітілмеген су айдындарында, күріш атызында және басқа да су объектілерінде құтқару жөніндегі іс-шаралардың аяқталу қорытындысы бойынша балық шаруашылығының облысаралық бассейндік инспекциясының және жергілікті атқарушы органның өкілі қол қойған актілері ұсынылған кезде, тиісті жылға арналған балықтандыру жоспарына, бірақ елу пайыздан аспайтын құтқарылған балық шабақтарының бір бөлігі ағымдағы жылы балықтандыруға қосылады.

*** – бой бермейтін күштің мән-жайлары туындаған кезде, жыл сайынғы балық өсіру көлемдеріне өзгерістер енгізілуі мүмкін.

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК